




Ақпараттық хат



• Ақпарат хат – белгілі бір ұйымда, мекемеде алдағы уақытта өткізілетін қандай да бір іс-шараға байланысты мәлімет беру, хабар беру мақсатында басқа мекемелерге жазбаша жіберілетін құжат.

Деректемелер:

- Құжат түрінің атауы
- Ұйымның атауы
- Мекен-жайы
- Датасы
- Мәтінің тақырыбы
- Мәтіні

Ақпараттық хат

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің қазақ филологиясы кафедрасы 2014 жылдың 24 сәуірінде «**Қазақ тілі және жалпы-түркілік кеңістік: болашағы мен жетістіктері**» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізеді.

Конференция жұмыстарының негізгі бағыттары:

- *қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері: лингво-мәдениеттанымдық, этнолингвистикалық, социо-лингвистикалық, лингвопоэтикалық зерттеулер;*
- *қазіргі қазақ тіліндегі коммуникативті және функциональды зерттеу бағыттары;*
- *әлем кеңістігіндегі түркітану ғылымы: кеше, бүгін, болашағы;*
- *тіл біліміндегі қазіргі басымдықтар мен жаңа бағыттар: мәдениаралық қатысым, тілді зерттеудің когнитивтік, концептуалдық жүйесі;*
- *тілді меңзертудің теориясы және оқытудың инновациялық технологиялары.*

Конференция жұмысы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі. Тіркеу 2014 жылдың 24 сәуір күні сағ. 9.00-де жүргізіледі. Басталуы сағ. 10.00-де.